

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының арасындағы терроризмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастық туралы бірлескен Декларация

Бірлескен декларация 2000 жылғы 19 қазан Астана қаласы

Қазақстан Республикасы және Түркия Республикасы (бұдан әрі "Тараптар"), халықаралық терроризмнің, есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымының, ұлтаралық ұйымдасқан қылмыстың және Тараптардың тұрақтылығы мен мемлекеттік қауіпсіздігіне өзге де қауіп-қатерлердің көлемінің өсуін назарға ала отырып,

терроризм әдістері, оның идеологиясындай, адам құқықтарын, қоғамның негізгі еркіндіктері мен демократиялық негіздерін бұзуға, әлеуметтік, ұлттық, нәсілдік және діни алауыздықты, саяси экстремизмді тұтандыруға әкелетінін тани отырып,

қазіргі бар халықаралық терроризм проблемаларының әр түрлі аспектілеріне қатысты халықаралық келісімдерді, БҰҰ-ның шешімдері мен декларацияларын, сондай-ақ 1992 жылғы 26 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі мен Түркия Республикасы Ішкі істер министрлігінің арасындағы Қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастық туралы хаттаманы негізге ала отырып,

терроризм әрекеттерін болдырмауға, олармен күреске және олар қай жерде және кіммен жүзеге асса да оның барлық нысандары мен көріністерін жоюға бағытталған екі жақты да, халықаралық та деңгейде тиімді шараларды қабылдау қажеттігін атап көрсете отырып,

мыналар жөнінде мәлімдейді:

Тараптар терроризмнің барлық әрекеттерін, әдістері мен тәжірибесін, ол өз қызметінде қандай мақсаттарды - саяси, идеологиялық, этникалық, діни - көздемесін, қылмыстық және ақтауға болмайтын деп қатаң айыптайды.

Тараптар екі ел арасындағы терроризмге қарсы күрес саласындағы қазіргі бар өзара көмекті нығайту қажеттігін атап көрсетеді және бұл ынтымақтастыққа нақты көрініс беру мақсатында ақпарат алмасу мен қажетті алдын алу шараларын талқылау бойынша тұрақты кездесулер өткізу үшін тараптардың мүдделі мемлекеттік органдарының сарапшылар тобын құруға ниет етеді.

Тараптар халықаралық құқық нормаларына сәйкес өте қатаң түрде террорлық әрекеттердің жолын кесетін болады және өз аумақтарын осындай әрекеттерді не кез келген нысандарда оларға қатысуға ұмтылуды орындауды ұйымдастыру үшін пайдалануға жол бермейді, сондай-ақ өз аймақтарына террорлық топтар мен діни экстремистердің енуіне және оны тірек етуіне жол бермеуге ұмтылатын болады.

Тараптар террорлық ұйымдардың заңсыз жолмен алынған табыстарын заңдастыру

мақсатында банктерді және басқа да қаржылық ұйымдарды пайдалануына, сондай-ақ террористік әрекетті ұйымдастыруға, оған арандатушылыққа, оны жүзеге асыру мен қаржыландыруға жәрдемдесуге кедергі болатын қажетті шараларды қабылдауды атап көрсетеді.

Тараптар осы Декларацияның ережелерін қолдану Тараптардың олар қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын құқықтары мен міндеттеріне ықпал етпейтінін қуаттайды.

(Қолдары)

Астана қаласы, 2000 жылғы 19 қазан.

М а м а н д а р :
Қ а с ы м б е к о в Б . А .

Багарова Ж.А.